

Бекітемін

Мектеп директоры

_____ Н.Р.Ширтаева

Әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

2023-2024 оқу жылы

**№66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінің әлеуметтік педагогының
2023 -2024 оқу жылының есебі**

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасында ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:


- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізілді. Акция еліміздің барлық өңірлерінде 2023 жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтті.



Акцияның мақсаты: Жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын-алу; жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

№66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебі акцияда 736 оқушыға қаржылай бір реттік көмек берілді. Жалпы қаражат көлемі 30 176 000 теңге. Оның ішінде АӘК отбасы балалары-207, тұл жетім-3, өзге санат отбасы-526.



“МЕКТЕПКЕ ЖОЛ” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АҚЦИЯСЫ

Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен №66 “Қазығұрт” жалпы орта білім беретін мектебінде 2023 жылдың 1 тамызынан “Мектепке жол” республикалық қайырымдылық акциясы бастау алды. Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Әрқашан игі істің басында жүретін, бала қуанышын бәрінен қымбат санайтын жомарт жандарды акцияға белсене қатысуға, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы балаларына қолдау жасауға 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында қатысуға шақырамыз!

Акция қатысуға ниетті жандар төмендегі телефонға хабарласа алады.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары

К.К.Сулейменов 87754616581

Г.С.Шойынбет 8 77 918 7734

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Ж.Миралиева 87782593483

Әлеуметтік - педагог

Г.Салимбаева 87025814972



МЕКТЕПКЕ ЖОЛ АҚЦИЯСЫ

№66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінде «Мектепке жол» республикалық акциясы мектепте аз қамтылғын отбасынан шыққан балалардың толық қатысуын қамтамасыз ету мақсатында өткізіліп жатыр. Шәкірттеріміздің мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аударып жатқан демеушілерімізге Алғысымыз шексіз! Атап айтар болсақ:

Кәсіпкер Күзембай А.С, Ертаева Д.Ж, ата-аналар Әлзах Т.М, Амершеев Е.Н, Абдурасилов Б.М, Абдикадинова Д, Ахлаева Жамал, Кулмуратова Г, Мусаева А, Қарынбаева Г, Ақжолова Г, түлек Бердиходжаев Ербол мырза баршаңыздың отбасыларыңызға бақыт, байлық, денсаулық тілеймін. Әрбір шәкірттеріміздің жүзіне қуаныш сыйлағандарыңыз үшін Алғысымыз шексіз. Алланың нұры жаусын!

Мектеп ұжымы және ата-ана тарапынан демеушілік жасалып, әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар мектеп формасымен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.





«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты №66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде «Мектепке жол» жалпы қайырымдылық акциясы аясында біршама жұмыстар атқарылды.

Акция аясында 2023 жылдың 22 тамыз күні демеушілер есебінен 22 оқушыға мектеп сөмкесі, оқу құралдары алып берілді.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; Мектебімізде «Мектепке жол» жалпы қайырымдылық акциясы бойынша жұмыстар жоспарға сай атқарылып отыр.

Демеушілік жасаған Мектеп әкімшілігіне және тарих пәні мұғалімі Шорабекова Фатима апайымызға мың алғыс.



Мектебіміздің ата-аналары мен ұстаздары демеушілік жасап аз қамтылған оқушыларға қаржылай көмек берілді. Олар:

10 Ә сынып оқушысы Түктібай Бақдаулет – 40 000 теңге

4 А сынып оқушысы Ахметжан Қарлығаш – 30 000 теңге

1 сынып оқушысы Дүйсенбек Ұлағат – 45 000 теңге

10 Ә оқушысы сынып Түктібай Бақдаулет – 40 000 теңге

6 В сынып оқушысы Серік Бейбарыс – 30 000 теңге.

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында мөлтек аудан бойынша тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 4 бала бар. Оның ішінде 1 бала колледжде, 3 оқушымыз қазіргі уақытта мектебімізде білім алуда.

Мектебімізде жалпы оқушы саны: 2103

Оның ішінде:

Тұл жетім – 3

АӘК - 151

Көп балалы – 1228

Жартылай жетім – 60

Аз қамтылған – 206

Үйде оқитын оқушылар – 10

Инклюзивті білім беру бойынша оқитын оқушылар – 16

2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығында ҚР Үкіметінің 12.03.2012ж, №320 қаулы негізінде «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларының» 3-тармақ, 2-тармақшасының талаптарына сәйкес және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйырығына 10-қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын негізге ала отырып, мектебімізде мәртебеге сай отбасылардан шыққан және Шымкент қаласы әкімінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Шымкент қаласындағы білім беру ұйымдарында 1-4 сынып білім алушыларын тегін мектеп тағамымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы №1524 қаулысын негізге ала отырып, 1321 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде өзге санатта 585 оқушы, ал 736 оқушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы сәйкес тегін ыстық тамақ ішуге құқығы бар отбасының балалары.

2023-2024 оқу жылында 1321 оқушы түгел бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Күнделікті оқушылардың сапалы тамақтануын тексеру жүйелі жүргізіліп отырды. Ыстық тамақ санитарлық нормаға сай берілді.

АС МӘЗІРІ

Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты №66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы №64 қаулыға сәйкес, Қазақстан Республикасының Оқу ағарту Министрінің тапсырамасы бойынша 2023-2024 оқу жылында 1-11 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылуда. Асхана жұмысы мен күнделікті тамақтың сапасын және ас мәзірімен сәйкестігін тексеріп, асхана тазалығына бақылау жүргізілуде. Күнделікті дайындалған тағам ас мәзірімен сәйкестендірілген. 2 апталық ас мәзірі бекітіліп, әр сыныптың тамақтану кестесі жасалынды. Тамақтану залында әр сыныптар үшін жеке үстелдер жайылған.

Бекітемін
Мектеп директоры
А.А. Н.Р. Ширтаева

АС МӘЗІРІ
(Жаз-Күз)
07.09.2023ж

4-күн

Тағам атаулары 12:00 дейінгі	Шығуы (грамм) 6-10 жас	Шығуы (грамм) 11-14 жас	Шығуы (грамм) 15-18 жас	Тағам атаулары 12:00 кейінгі	Шығуы (грамм) 6-10 жас	Шығуы (грамм) 11-14 жас	Шығуы (грамм) 15-18 жас
Сұлы жарма ботқасы	150	200	250	Маш сорпасы сүйеге қайнатылған	200	250	300
Шай қантпен	200гр	200гр	200гр	Печенье крекер	1 шт	1шт	1шт
Булочка сүзбеше мен	1 шт	1 шт	1	Шай қантпен	200гр	200гр	200гр
				нан	20гр	35гр	40гр
				Витаминді салат	60гр	100гр	150гр

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы *А.А. Н.Р. Ширтаева* Н.Б.Әбуәлі
 ДОЖО *М.А. Миралиева* А.Ж. Миралиева
 Асхана меңгерушісі *К.Мамбеталиева* К.Мамбеталиева
 Мектеп медбикесі *С.Садуова* С.Садуова
 Әлеуметтік педагог *Г.К.Салимбаева* Г.К.Салимбаева



Сапалық мониторинг

№ 66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында әр айдада 2 рет Қамқоршылық кеңес құрамы мен ата-аналар тәрпынан асханаға бақылау жүргізіледі. Тексеру барысында ас бөлмедегі тоңазытқыштар мен мұздатқыштарда тамақ сақтаудың температуралық және ылғалдық жағдайы талапқа сай. Азық-түлік өнімдерінің сапасы, олардың сапасын куәландыратын құжаттары бар. Дайын тағам көлемінің бір реттік порция көлемі және балалар санына сәйкестігі, тамақ өнімдерінің сапасы, дайын өнім мен шикі тағамдарды алдын ала бақылау жүргізілген. Санитарлық талаптарға сәйкестігі анықталып, журналға толтырылған, Ұн, күріш, дән-дақылдар арнайы ыдысқа салынған. Дайын тағамның сапасы қанағаттанарлық деп тапты. Оқушылар тамақтанатын орындар мен ыдыстар қоры жеткілікті, берілген ас мөлшері нормаға сай, асхананың тазалығы, ылғалды тазалау, тамақтану кестесі, аспазшылардың арнайы киімдері талапқа сай. Асхана жұмысы қанағаттанарлық.

**«№66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Тамақтану сапасын бақылау жөніндегі мониторингінің актісі № 2**

Күні: 12.10.2023ж
 Білім беру ұйымының контингенті (алам): 2111
 Ас блогы қызметкерлерінің саны (алам): 4
Брокеражды комиссия мүшелері мынадай құрамда:
Брокеражды комиссияның төрайымы:
 Н.Р.Шартаева - мектеп директоры
Брокеражды комиссияның мүшелері:
 1. Ж.А.Миралиева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
 2. С.К.Садуова – мектеп медбикесі
 3. Г.Салимбаева – әлеуметтік педагог
 4. Н.Өбүләлі – ата-аналар комитетінің төрағасы
 5. Б.Дуылбаев – қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 6. З.Жұмагулова – қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөнінде асханаға келесі параметрлер бойынша тексеру жүргізілді:

№	Көрсеткіштер	Сәйкес келеді (бар)	Сәйкес келмейді (жоқ)	Ескерту
1.	Брокеражды комиссия құру туралы бұйрықтың болуы	✓		
2.	Брокеражды комиссияның оқу жылына арналған жоспарының болуы	✓		
3.	Объектінің қолданыстағы талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы	✓		
4.	Тийісті құжаттаманың (актілер, отырыстар, хат алмасу, және т.б.) болуы	✓		
5.	Балалардың тамақтануын ұйымдастыру (асханаға ұйымдасқан түрде баруға қамтамасыз ету)	✓		
6.	Балалардың тамақтануы үшін жағдай жасау (рационалдардың, сабынның болуы және т.б.)	✓		
7.	Тамақтану залының жалпы санитарлық жағдайы және эстетикалық безендірілуі	✓		
8.	Білім алушылардың ауыз су режимін сақтау	✓		
9.	Дайын тағамның шығуы көрсетілген мезгілді болуы (перспективалық, білім беру басқармасы бейтарап әдісімен)	✓		
10.	Күнделікті мезгілдің перспективалық мезгірге сәйкестігі	✓		

11.	Балалардың жекелеген санаттары үшін жекеледігінен тамақтануды ұйымдастыру (аутоптардың болуы)	✓		
12.	Асхананың жұмыс кестесін сақтау	✓		
13.	Тамақтану арасындағы аралықты және санитария бойынша тамақтану кестесін сақтау	✓		
14.	Дайын өнімнің сапасы	✓		
15.	Дайындаған өнімнің органолептикалық қасиеттері	✓		
16.	Тайым салынған тағамдар мен өнімдерді дайындаудың, отырудың және пайдаланудың болуы	✓		
17.	Тамақтанумен байланысты емес тауарларды отырудың болуы	✓		
18.	Тамақ қабылдауға ұйымдастыру	✓		
19.	Отқаратын орындар саны	✓		
20.	Жылыздан жағдайы	✓		

Тексеру нәтижесінде анықталды:
 1. Тамақтануды сапасын тексеруде брокеражды комиссиясы жоспарлы бақылау жұмысын жүргізді. Ас бөлмедегі тоналықтар мен мұздатқыштарда тамақ сақтаудың температуралық және ылғалдық жағдайы талпық сай. Азық-түлік өнімдерінің сапасы, олардың сапасын қуаңдандыратын құжаттары бар. Дайын тағам көлемінің бір реттік порция көлемі және балалар санына сәйкестігі қанағаттанарлық.
 2. Тамақ өнімдерінің сапасы, дайын тағамның сапасы қанағаттанарлық.
 3. Төлемдер және төлем жүзілері қызметі жүзеге асырылмаған.
 4. Асхана жұмысы қанағаттанарлық. Үлгі күрші, дән-дақылдар аршып ыдысқа салынған.

Брокеражды комиссияның төрайымы:
 Н.Р.Шартаева - мектеп директоры
Брокеражды комиссияның мүшелері:
 1. Ж.А.Миралиева – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
 2. С.К.Садуова – мектеп медбикесі
 3. Г.Салимбаева – әлеуметтік педагог
 4. Н.Өбүләлі – қамқоршылық кеңесінің төрағасы
 5. Б.Дуылбаев – қамқоршылық кеңесінің мүшесі
 6. З.Жұмагулова – қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Жалға алушы немесе жауапты аспау: Р. Маубаева
 Тамақтану: Шартаева (қолы)



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №66 “Қазығұрт” жалпы орта білім беретін мектебінде 2023–2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес “Балалар және жасөспірімдер арасындағы жазатайым жағдайдың алдын алу” тақырыбында кәмелекетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың, қылмыстың, ертежүктіліктің, зорлық – зомбылықтың, өз – өзіне қол жұмсаудың және нашақорлықтың, панасыз қалудың алдын алу, “Киберқадағалау” ақпараттық жүйесі мен интернет ресурстарының “Вконтакт”, “Телеграм” әлеуметтік желісі арқылы таралатын қатыгездіктің алдын алу мақсатында 12 қаңтар күндері 7 сынып қыздарымен қыздар жиналысы директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Шойынбет, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Миралиева, әлеуметтік -педагог Г.Салимбаева, педагог -психолог А.Абулованың қатысуымен өткізілді.



Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрмыстық жағдайы тексеріліп, тұрғын үйге кезекке қойылуы, қамқоршының есебі бойынша жұмыстар жүргізілді. Қазіргі уақытта мөлтек аудан және мектебіміз бойынша тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 3 бала бар.

ПРЕЗИДЕНТТІК ШЫРША

2023 жылы 24 желтоқсан күні Шымкентте «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты Президенттік жаңажылдық шырша мерекесі өтті.

«Көрме» орталығындағы жаңа жылдық бағдарламада ертегі кейіпкерлері мен өнерпаздар қонақтарға әсерлі көңіл-күй сыйлады. Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков ҚР Президентінің атынан балаларды Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.


«Бірнеше күннен кейін Жаңа жылға жол беретін 2023 жыл еліміз бен сүйікті Шымқаламыз үшін табысты жыл болды. Қаламыз бұрынғыдан көркейіп, кемелдене түсті. Білім саласында да бірқатар жақсы жаңалықтар мен үлкен жеңістерге қол жеткіздік. 2023 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасы бойынша 12 жайлы мектептің құрылысы басталды, 3 мектепке жаңа ғимарат салынды, заманауи Оқушылар сарайы мен Өнер мектебі ашылды. Өздеріңіздей жас жеткіншектер халықаралық және республикалық зияткерлік сайыстарда 8 алтын, 18 күміс, 11 қола медаль алды, 3 бала әлем чемпионы атанды, биыл баскетболдан Үміт кубогын жеңіп алдық. Бұл кубокты біз 17 жыл күткен едік. Бұл тек негізгілері ғана. Сіздердің үздік оқуларыңыз бен өнегелі тәртіптеріңізді еліміздің дамуына қосқан үлестеріңіз деп білемін», — деді қала әкімі.

Іс-шара барысында қонақтарға қаламыздың белгілі қоғам қайраткерлерінің бейне құттықтаулары ұсынылды. Жаңа жыл қарсаңындағы керемет кеш «Шырша жыры» әнімен шырқалып, көпшіліктің қатысуымен сазды ойындарға ұласты.

№66"Қазығұрт " жалпы орта білім беретін мектебінен 5 сынып оқушылары Аманбек Абдулхақим , Қарабек Айшабибі қатысып, керемет көңіл күймен қайтты.

Әлеуметтік педагог Салимбаева Гульшат Курманалиевна.

Сынып жетекшісі Мекембаева Гулзира



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты N66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде Жаңа жыл мерекесі қарсаңында оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында, "Жүректен жүрекке" акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты – әрбір азаматты қайырымдылық ісіне тарту және оның жүзеге асуына олардың ортақтасуы, балалар мен жасөспірімдердің тілектерін орындауға көмектесу үшін ортақ күш салуды біріктіру болып табылады.





ТҰРАН АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ШЫРШАСЫ ӨТТІ

2023 жылы 26 желтоқсан күні Оқушылар сарайында 250 балаларға арналған Тұран ауданы әкімінің шыршасы өткізілді.

Мерекелік іс-шара барысында Аяз та мен Ақшақар балаларға түрлі ойындар ойнатып, сыйлықтар табыстады.

Сондай-ақ, Тұран ауданының әкімі Берік Айдарұлы бұлдіршіндерді мерекемен құттықтады.

«Қадірлі, балалар! Сіздерді келе жатқан жаңа 2024 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Балалық шақтарыңыз мерекелі, болашақтарыңыз жарқын болғай.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Алдағы жыл халқымызға тек жақсылығын ала келсін. Береке-бірлігіміз ажырамай, жаңа жылда биік белестерді бірге бағындырайық. Жаңа жыл тек игі жақсылықтарымен, мол қуаныштарымен төрімізден орын алсын» - деді аудан әкімі.

Мектебімізден 2 б сынып оқушысы Султанова Гайрат, 4 ж сынып оқушысы Сапарбек Інжу, 4 ж сынып оқушысы Зұлпыхарова Назым, 3 г сынып оқушысы Оруспай Дариға, 2 г сынып оқушысы Ахметжан Айсұлу, 1 в сынып оқушысы Жақыпбеков Әмір қатысты.



Әлеуметтік педагог Салимбаева Г.





Шымкент қаласы №66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде әлеуметтік педагогтің және "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы бойынша бірлескен жылдық жоспарға сәйкес "Отбасылық қарым-қатынас" тақырыбында 5-7 сынып оқушылар арасында эссе өткізілді.

Мақсаты : Отбасылық құндылықтарды түсіндіру, отбасы ең қымбат дүние екенін ұғыну. Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Олай болса, әрбір ата-ана бала тәрбиесінің нәзік тұстарын білуі шарт. «Жапырақ тамырдан нәр алады» дейді халқымыз. Барлық бала жақсы мен жаман әдеттерді өзі өскен шаңырақта үйренеді. Егер ата-ана, басқа да отбасы мүшелері өзара жақсы қарым-қатынаста болса, олардың балалары да әдепті, тәбиелі болып өседі. Сондықтан әрбір ата-ана бабаларымыздың әдеп-ғұрыптары мен дәстүрлерін ұлықтап, аңыз, ертегі немесе жұмбақ түрінде балалардың санасына сіңіре беруі тиіс. Яғни, олар сол арқылы балаларын еңбекке, жақсылыққа үндейді, адал болуға және Отанын сүйуге шақырады.



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының "Ұлттық мүдде" бағыты және әлеуметтік педагогтің жұмыс жоспарына сәйкес жетім және қамқорлықтағы оқушылардың үйлеріне барып, зерделеу жұмыстарын жүргізді. «Мейірім жүректен» акциясы аясында оқушыларға көтеріңкі көңіл -күй сыйлау мақсатында сыйлықтар берілді. Мақсаты – жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттер мен мейірімділікке, жанашырлыққа, көмекке келуге, құрмет көрсетуге тәрбиелеу.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» — деген екен дана халық. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Адамдар бір-біріне қайырымдылық, мейірімділік таныту арқылы жақсылық жасайды.


Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды.

«Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без», — дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, көкірегі қаяулы жандарға жылы лебізін аямай, рамазан айында қолдан келген жәрдемін 29 отбасыға ұсынған ұстаздарға үлкен ризашылығымызды білдіреміз!!!

Ұйымдастырушы: әлеуметтік педагог Салимбаева Г.



№66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінің 2023–2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес, әлеуметтік-педагогы Г.Салимбаева, педагог- психолог Д.Сығаева 7 сынып оқушыларымен «Мен тұлғамын» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Кештің қадірлі қонағы Джиу-джитсу спорт түрінен 2 рет Әлем чемпионы, 2 рет Азия чемпионы, 1 рет Азия Кубок чемпионы, 8 рет Қазақстан чемпионы, мектебіміздің мақтанышы 9 в сынып оқушысы Қуандық Бектас Бегалыұлы.



Кездесуде танымал тұлға, Қуандық Бектас спорты 4 жасынан бастағанын, өзінің жеке бапкері әкесі екенін, сол әкесінің жете алмаған белестеріне жетсем екен деген арманын айтып өтті. Оқушыларды жігерлі, рухты, білімді болуға, еліміздің көк туын желбіретер танымал тұлға болуға шақырды.

Оқушыларға танымал тұлға спорт саласында өз басынан өткен қиыншылықтары мен қызықтары туралы айтып, спорттың қай түрімен болсын қорықпай айналысуға шақырды. Оқушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып спортшы ағаларына жақсы тілектерін жеткізді.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында және әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарына сәйкес оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту мақсатында 8 а, б, 6 д, з сынып оқушыларымен «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» тақырыбында ата – аналармен бірлескен іс – шара өткізілді.

Ұйымдастырушылар

Сынып жетекшілері: А.Мамет, Н.Сихымбай, А.Абдурасилова

Педагог психолог: Д.Сыгаева

Әлеуметтік педагог: Г.Салимбаева



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты № 66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінде "ҰРПАҚҚА АМАНАТ" жобасы аясында 23.04.2024 ж 9 «А» және 9 «Ә» сыныптарының ұйымдастыруымен «Жұқпалы аурулар» тақырыбында оқушылармен түсіндірме жұмысын жүргізу мақсатында маманмен кездесу өткізді. Оқушылармен түсіндірме жұмыс жүргізу мақсатында № 11 ШГП ауруханасынан арнайы маман Айтова Наилия Наильевна мен мектеп мейірбикесі С.Садуова және ДТГЖ орынбасары Қ.Сүлейменов және әлеуметтік педагог Г.Салимбаева, мектеп психологы Д.Сығаева және сынып жетекшілер танымдық сабақ ретінде кездесу өткізілді.

Мақсаты: А) Жұқпалы аурулар туралы дерек бере отырып оқушылардың өз денсаулығына, қоршаған адамдардың денсаулығына жауапкершілігін арттыру, жеке бас гигиенасын сақтау туралы түсінік қалыптастыру.

Ә) Жұқпалы аурулар сияқты аурудың пайда болуын, қоғамға, адамға осы аурудың зардабын түсіндіру, ашып көрсету


Б) Жаман әдеттерден бойларын аулақ салуын, санитарлық – гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

№ 11 ШГП ауруханасынан арнайы маманы дәрігер – инфекционист, мектеп мейірбикесі дайындаған мәлімдемені тыңдалды.

Дәрігермен сұхбат сұрақ – жауап ретінде өтілді.

Жұқпалы аурулар туралы ойларымызды қорытындылау мақсатында ғасырлар бойы сұрыпталып келген денсаулық туралы мақал – мәтелдерді оқушылардан сұрады.

«Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде» деген нақыл сөзбен қорытындыланды.





Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты N66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес, мектеп психологі Д.Сығаева және әлеуметтік педагог Г.Салимбаева "Өмір құндылығы" атты тренинг элементтері бар жаттығулар ұйымдастырды. Мақсаты: балалардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру. Тренинг барысында адам үшін өмірдің құндылығын, оның қымбат екендігі жөнінде мағлұматтар беріліп "Сөйлемді жалғастыр...", "Менің өмірлік мақсатым", "Жүрек тыныштығы" жаттығуларын қызығушылықпен орындап, белсенді түрде қатысты. Оқушылар тренингте қойылған сұрақтарға жауап беріп, өмірдің барлық сәтсіздіктері бақытсыздық емес екендігін ұғынуға мүмкіндік ала алды.

- өмір адам баласына бір ақ рет берілетін қымбат сый екеніне ықпал ету;
- адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту. Жақсы қасиеттерді үйрету, жаман қасиеттерден жиренту;
- балалардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру.





Биылғы 2023-2024 оқу жылында аз қамтылған отбасы балаларына арналған қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне 127 жолдама бөлінді. Лагерге тұл жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, АӘК ие отбасы балалары, күн көріс деңгейі төмен отбасынан шыққан оқушылардың тізімі жасалып, құжаттар жинақталып жатыр.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты N66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінен 2024 жылы 14 маусым күні "Арыс" жазғы сауықтыру лагерінің I ауысымына 30 оқушы жіберілді. Оқушылар 14.06-24.06.2024 ж аралығында демалады. Оқушылардың жақсы демалып, керемет көңіл-күйде қайтуларына тілектеспіз.

Әлеуметтік-педагог Г.Салимбаева



Қағаздар бойынша атқарылған жұмыстар:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету стандартының ережесіне сәйкес тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесіне сәйкес мектептегі тұрмысы төмен отбасы балаларына қажеттілігіне қарай көмек көрсету жұмыстары бойынша оқушыларға тегін тамақ пен материалдық көмектер ұйымдастырылды және жаңа жылдық сыйлықтар мен қамтылды.

2. Мектептегі сабақтан жиі қалатын, кешігетін тәртібі қиын оқушыларды анықтап, алдын-алу жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың үйлеріне барып ата-аналармен әңгімелер жүргізілді, тұрмыстық жағдайлары актіленіп қол хаттар алынды. Оқу жылы басында жалпы жоспарланған жұмыстардың барлығы өз деңгейінде орындалды.

Әлеуметтік педагог: Салимбаева Г.К